

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хаттамасы №2

«О.Әлібаев атындағы ЖОББМ» КММ

Өткізілген күні: 12.11.2020ж.

Төрайымы: Қ.Қуанышбекова

Хатшы: К.Жантұрсынова

Қатысқандар: 35 мұғалім

### Күн тәртібінде:

1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

А.Қышанбаева

2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

А.Мамина

3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Н.Б.Желибаева

### Тыңдалды:

#### Сөйледі 1.1: А.Қышанбаева – бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және кара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті.

#### Сөйледі 2.1: А.Мамина – информатика пәні мұғалімі

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтауға міндетті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормалары, мессенджерлер жіберу біркатар қателіктерге бой алдырады. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмау керек. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берер едім. Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді

құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

### **Сөйледі 3.1: Н.Б. Желибаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Мұғалімге керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А. Байтұрсыновтың сөзі де педагогтың жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі. Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

### **Сөз алғандар: А. Жұмағұлова-бастауыш сынып мұғалімі**

Шынымен де мұғалімнің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті ерекше назарда. Себебі, әр ұстаздан келешек ұрпақ тәрбие ала отырым, білім мен тәлім алады, еліктейді. Біз қоғамға үлгі, ең жоғары деңгейдегі тұлға болуымыз шарт. Ол үшін ең алдымен өзімізден бастауымыз керек.

### **С. Әбілдина – технология пәні мұғалімі.**


Мектептегі еңбек өтілі жоғары, жасы ұлғайған ұстаздар жаңадан келген жас мамандарға, жастарға ақыл-кеңес бере отырып, кемшіліктерін байқаған кезде дер кезінде дұрыс жеткізе отырып тәрбиелеу, дұрыс бағыт – бағдар бере білуіміз керек.

### **Қаулы етілді:**

1. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау әр мұғалімге міндеттелінсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Қ. Қуанышбекова

К. Жантұрсынова